

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 наурыздағы)**

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді, олардың республика аймақтарында 76 филиалдары мен 75 өкілдіктері бар. 2006 жылғы ақпанда зейнетақы жарналарын тарту және жинақталған зейнетақы жарнасын зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: "МЖЗҚ" ЖЗҚ АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ" АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: "HSBC Банк Қазақстан" АҚ еншілес банкі, "ЦентрКредитБанкі" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ, "ТЕМІРБАНК" АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, "АТФБанкі" АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2006 жылғы ақпанда 106 846 (1,4%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 7 750 917 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 29,81%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,10%, «ҰларҮміт» – 15,31%, «Валют-Транзит қор» - 8,85% және «БТА Құрмет-Қазақстан» – 7,74% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 80,81% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың ақпан айында 18 (0,06%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 518,4 млн. теңгені құрап 32 414 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ-нан басқа қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: "Сенім" – 60,96%, «ҰларҮміт»- 18,59% және "Капитал" – 12,47% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,02% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары "ҰларҮміт" және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 629, дербес зейнетақы шоттарда 20,2 млн.теңге болды. Ақпан айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 46 (1,28%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.03.05ж.	01.03.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 104 633	7 750 917	646 284	9,10
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 327	32 414	2 087	6,88
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	2 956	3 629	673	22,77

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ақпанда 24 032 млн.теңгеге (3,59%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 693 551 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млрд.теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.03.02 ж.	193,9	72,5	59,72
01.03.03 ж.	281,1	87,2	44,97
01.03.04 ж.	378,9	97,8	34,79
01.03.05 ж.	505,0	126,1	33,28
01.03.06 ж.	693,6	188,6	37,35

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 наурыздан салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 4,07 проценттік тармаққа ұлғайып 37,35% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 182 752 млн. теңге немесе 26,35%, «МЖЗҚ» – 128 845 млн. теңге немесе 18,58%, «ҰларҮміт» – 126 525 млн. теңге немесе 18,24%, «БТА Құрмет-Қазақстан» – 56 852 млн.теңге немесе 8,20% және «АБН АМРО КаспийМұнайГаз» – 47 497 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,85%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,22% келді.

2006 жылдың 1 наурыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ақпанда 12 203 млн. теңгеге (7,30%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 179 385 млн.теңге болды.

Мынаны атап кеткен жөн ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айында таза инвестициялық кірістің өсімі барлық 2005 жылғы өсімнің жалпы сомасының 24,3 млрд.теңге немесе 60% болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)


Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.03.2002 ж.	53,5	18,4	52,42	27,59
01.03.2003 ж.	78,9	25,4	47,48	28,07
01.03.2004 ж.	98,0	19,1	24,21	25,86
01.03.2005 ж.	121,8	23,8	24,29	24,12
01.03.2006 ж.	179,4	57,6	47,29	25,87

Көрсетілген кестеде 2004 жылғы 1 наурыздан бастап инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Сонымен, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда 0,08 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 23,00 проценттік тармаққа ұлғайып 47,29% болды.

Таза инвестициялық кіріс сомасының 2005 жылы 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы ақпанда 12,2 млрд.теңге болғанын немесе 3,6 есеге өскенін атап өткен жөн.

Из приведенной таблицы видно, что начиная с 1 марта 2004 года наблюдается увеличение темпов роста чистого инвестиционного дохода. Так, по состоянию на 1 марта 2005 года по сравнению с 1 марта 2004 года темп роста чистого инвестиционного дохода увеличился на 0,08 процентных пунктов и по состоянию на 1 марта 2006 года по сравнению с соответствующим периодом 2005 года темп роста увеличился на 23,00 процентных пунктов и составил 47,29%.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Ағымдағы жылы ақпанда 138 млн.теңгеге немесе 3,49% өсіп, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 4 087 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімшұл сомасы** өсуде.

Зейнетақы төлемдері ақпанда 1 125 млн.теңгеге (3,02%) өсіп, 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 38 407,1 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 38 275,3 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 109,3 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,1 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 22,4 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2006 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражаты 99 838 млн. теңге болды немесе 2006 жылғы ақпанмен салыстырғанда 1,83% өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 50,0%, «ҰларҮміт» - 12,74% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,35% және «БТА Құрмет-Қазақстан» - 6,54% немесе осы 4 қорға аударымдардың жалпы сомасының 79,63% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы ақпанда 24 607 млн. теңгеге немесе 3,66%-ке өсіп 696 704 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 наурыз және 2006 жылғы 1 наурыз аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 16,6 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. тенге	%-пен
ЖЗҚ		
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	59 064	8,48
АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	47 549	6,83
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 515	1,65
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	59 445	8,53
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 443	0,35
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	17 203	2,47
"СЕНИМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	29 636	4,25

"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 163	1,46
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	13 510	1,94
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 510	1,94
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	33 945	4,87
"Валют-Транзит Қор" Жинақтаушы зейнетақы" АҚ	33 945	4,87
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 566	2,38
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 566	2,38
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	127 303	18,27
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	127 303	18,27
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 444	2,36
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 444	2,36
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	128 888	18,50
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	57 488	8,25
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	184 051	26,42
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	696 704	100,00

2006 жылғы 1 наурызда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 667 676 млн. теңге болды да, 2006 жылғы ақпанда 15 695 млн. теңгеге немесе 2,41%-ке өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	195 206	29,24
ҚР еврооблигациялары	10 183	1,52
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	163 203	24,44
Ұлттық Банктің ноттары	21 743	3,26
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	77	0,01
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	115 131	17,24
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 710	0,56
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	26 769	4,01
Тазартылған алтын	1 478	0,22
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	291 353	43,64
акциялар	83 342	12,48
облигациялар, оның ішінде	208 011	31,16

: АҚШ долларына номинирленген	3 529	0,53
теңгеге номинирленген	203 416	30,47
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	33 745	5,05
акциялар	3 086	0,46
облигациялар	30 659	4,59
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	284	0,04
жиынтығы:	667 676	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфельдерінің үштен көп бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі алып отыр және 195 206 млн. теңге болды немесе 29,24% болды. 2006 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда МБҚ көлемі 10 024 млн. теңгеге немесе 4,88%-ке өсті. 2005 жылы Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 19 993 млн. теңгеге немесе 7,37%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 3 228 млн.теңгеге немесе 2,73%-ке азайып 115 131 млн. теңге болды.

2006 жылғы ақпанда зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфельіндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,56% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфельіндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 жылғы ақпанда 16,75%-ке азайып 26 769 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 5,05% болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы ақпандағы – 2006 жылғы ақпандағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 наурызда номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 20,64% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 15 587,6 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 315,8 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 40,5% болды. Жалпы алғанда 2006 жылғы ақпанда меншікті капиталы 1 700,9 млн.теңгеге өсті.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы көлемде өзгерістер болмады және қорлардың меншікті капиталы көлемінің 1 436,9 млн. теңге немесе 9,3% болды.

2006 жылғы ақпанда барлық қорлар, «Валют-Транзит Қор» және «Капитал» қорларын қоспағанда, таза кіріс алды. 2006 жылғы 1 наурызда кірістің жалпы сомасы 3 630,0 млн.теңге болды. Кірістің ең көп сомасы «БТА Құрмет-Қазақстан» - 43,5%, «Қазақстан Халық Банкі»- 39,9%, «Ұлар Үміт» - 10,9%, «СЕНІМ» - 3,2% қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кіріс сомасының 97,5% болды.

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 2 017,8 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 11,5% болды.

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 9 527,6 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 61,12% болды. 2006 жылғы ақпанда қаржы инвестицияларының көлемі 177,4 млн.теңгеге немесе 1,9%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 1 685,7 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 17,69%), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 684,1 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 38,67%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 3 432,0 млн. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 36,02%) және «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 725,8 млн.теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 7,62%) орналастырды.